

ЖАҢАЛЫҚТАР

Сайлаудан кейін Азаттықтың Instagram-аккаунты ашылды

24 тамыз 2026 жыл, 10:21



24 тамызда Азаттықтың Instagram парақшасы қайта ашылды. Парақша 20 тамызда – Құрылтай депутаттарын сайлауға бірнеше күн қалғанда бұғатталған еді. Meta платформасы парақша қауымдастық ережесін бұзды деген, бірақ нақты қай пост қандай талапқа сай емесін атап көрсетпеген.

Бұған дейін де Азаттық akkaунтына күмәнді akkaунттар жаппай шағым түсіріп, Instagram парақшамыз осындай себеппен бірнеше рет бұғатталған. Әлеуметтік желі платформасы оның себебін "авторлық құқық бұзылғаны туралы шағым түсуіне байланысты" деп түсіндірген.

Алайда Азаттық контент жариялаған кезде барлық заң талаптарын сақтағанын көрсетіп, дәлел келтіргеннен кейін Instagram-парағы қайтарылған. Парақша шілдеден бергі үш рет бұғатталып, қайта ашылды.

Бұған дейін қазақстандық және халықаралық 10 құқық қорғау ұйымы 23 тамыз күнгі Құрылтай сайлау қарсаңында Қазақстанда тәуелсіз журналистер мен медиаға жасалып жатқан қысымның кез-келген түрін дереу тоқтатуға, оларға еркін хабар таратуына мүмкіндік беруге шақырған. Олар билікті сөз бостандығы мен БАҚ еркіндігі жөніндегі халықаралық міндеттемелерді сақтауға үндеген.

17 тамызда Қазақстанның вице-премьері әрі мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева өзі басқаратын мемлекеттік мекеме БАҚ және журналистердің әлеуметтік желідегі аккаунттарын бұғаттаумен айналыспайтынын, масс-медиа саласындағы уәкілетті орган ретінде ең алдымен сөз бостандығына кепілдік беретін заңды құқықтардың жүзеге асуына қолдау көрсететін мәлімдеген.

"Мемлекет азаматтардың ой-пікір білдіру құқығын және сөз еркіндігін шектеуге мүдделі емес" деп жазды Балаева әлеуметтік желідегі парағына.

Қазақстанда тәуелсіз журналистер, құқық қорғаушылар мен кейбір медиа-арналар әлеуметтік желідегі аккаунттары не контенті бұғатталып я өшіріліп қалғанын бұған дейін бірнеше рет хабарлаған. Олар шектеудің қитұрқы әдісі – "авторлық құқықты бұзды" деген жалған шағым түсіру жаппай қолданылатынын айтқан.

Жалған ақпаратпен күрес мәселесін зерттеушілер "авторлық құқық бұзылды деген шағым түсіру журналистер мен азаматтық қоғам өкілдерінің үнін өшіруде жиі қолданылатын тәсілге айналып барады" деген. Олар журналистер мен белсенділерге жасалатын мұндай цифрлық шабуылды "азаматтық қоғам үшін үлкен қатерге" балаған.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- Сайты ашылмайды, парақшасы бұғатталған. Азаттықты қайдан оқимыз?
- Динара Егеубаева биліктен өзі мен ұлына жасалып жатқан қысымды тексеруді талап етті
- Құқықтық медиа-орталық заңгері Гүлмира Біржанованың Facebook-парағы бұғатталды
- "Әділ сөз" қоры: құқық қорғаушы Бақытжан Төреғожинаның желідегі аккаунттары шектеуге ұшырады
- "Хочу жить" жобасы Астананы Лұқпан Ахмедияровты қудалауға жол бермеуге шақырды

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ